

## **Құрамында уран бар материалдарды қайта өңдеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 сәуір N 525

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы атом энергиясын бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ), "Үлбі металлургиялық зауыты" ашық акционерлік қоғамы мен "Глобал Ньюклеар Фьюэл-Америкас", "Ньюкем, Инк." (Америка Құрама Штаттары) компаниялары арасындағы 2000 жылғы 1 қаңтардағы уранды қайта өңдеу қызметіне жасалған контрактіге сәйкес 235 уран изотопы бойынша 4,5%-тен асырмай байытылған, СЭҚ ТН 2844 20 290-кодты, құрамында уран бар материалдар концентратын қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру жөнінде "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ мен "Глобал Ньюклеар Фьюэл-Америкас" компаниясының ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті ядролық материалдарды әкелуге және әкетуге бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

